

көмегімен әйгілі кинорежиссер, сценарист, продюсер Тимур Бексамбетовті айта кеткен дұрыс болады. Тимур Бексамбетовтың фильмдерінде көптеген компьютерлік әсерлеуші әрекеттер қолданылып, біздің отанымызда да біршама жас мамандар тәжірбие жинап жатқанына қуаныштымыз.

Қорыта айтқанда, ойындағы бейнені, кенеп бетіне немесе компьютер мониторуна түсіру – бұл, кез келген адамға пайдалы әрі оңтайлы қасиет. Сурет салудың ежелерін барлығымыз білгеніміз дұрыс. Міндетті түрде атакты суретшілер сияқты, таңғаларлық туындылар шығару парыз емес. Арнайы курстарға бару да міндетті емес. Кәзіргі таңда ғаламторда көптеген өздігінен үйреткіш сайттар мен видео дәрістер толып жатыр. Сурет сала білу – зейінді жинақтай білу, шыдамдылықды бағындыра білу, қиялдай білу дегеніміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.picpen.org>. Интерактивные дисплей-планшеты.
2. <http://www.freeadvice.ru>. Компьютер & интернет. Артем Аленин.
3. Библиографическое описание: Турлюн Л. Н. Компьютерная графика – искусство постмодернизма // Молодой ученый. — 2010. — №12. Т.2. — С. 186-189.

АКВАРЕЛЬ ЖӘНЕ СИЯ (ТУШЬ) БОЯУЛАРЫМЕН ӘРЛЕП БОЯУ(ОТМЫВКА) ТӘСІЛДЕРІ

Кожиков Ж.А., аға оқытушы

Е.А. Бөкетов атындағы

Қарағанды мемлекеттік университеті

Жукина Н.Б., Диз-31 тобының студенті

Е.А. Бөкетов атындағы

Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазіргі уақытта халықтың өнерге деген ынта-ықыласы анағұрлым артты. Осы орайда дизайнерді кәсіби даярлау жүйесіне сәйкес кескіндеме пәнінде акварель бояуымен жұмыс

жасау тәсілі мен әдістерін жетілдіру қажет. Сол себепті кескіндеменің акварельдік бояу түрі туралы айтпас бұрын оның бейнелеу өнеріндегі алатын орны мен мақсаты жайлы айта кеткен жөн. Кескіндеме, кескіндеу өнері - бейнелеу өнерінің бір саласы, белгілі бір заттың бетіне (кенеп, ағаш, қағаз, т.б.) бояу арқылы салынатын көркем шығармалар атауы.

Кескіндеме заттың сыр-сипатын, нәрсе мен кеңістіктің қарым-қатынасын, сәуле мен көлеңкенің үндестігін бейнелейтін көркемдік және танымдық қуатымен ерекшеленетін өнер түрі. Ол көрерменнің сезіміне, ойына әсер ету арқылы эстетикалық ләззат береді. Кескіндеме дәуірдің рухани мазмұны мен әлеуметтік дамуын бейнелеп қана қоймай, көрерменнің сезіміне, ойына әсер ету арқылы бейнеленген шындықтан тәлім алып, өзінше қорытынды жасауына себепкер болады. Сондықтан да кескіндеменің қоғамдық-тәрбиелік мәні зор.


Кескіндеме қолданылатын орнына, орындалу түрлеріне қарай кескіндеме монументтік, сәндік, қондырғылы, декорация, миниатюра болып бөлінеді. Орындалу техникасына, әдіс – тәсілдеріне байланысты майлы бояу, акварель, фреска, құрғақ темпера, желім, балауыз және шыңылтыр (эмаль) кескіндемесі болып бірнеше топқа бөлінеді.

Акварель – кескіндеменің ең күрделі техникаларының бірі. Суретшімайлы бояумен жұмыс жасағанда бірнеше мәрте түзетулер мен өзгерістер енгізе отырып, жұмысын қайта сала алады, ал акварельмен жұмыс шеберлікті талап етеді және оны түзету көп жағдайда мүмкін емес. Дегенмен, акварельдік техниканың әрлеп бояу тәсілі соған ұқсас нәтижеге жетуге мүмкіндік береді және мұндай тәсіл майлы кескіндеменің аналогы болып табылады.

Кескінделген нысандардың, сол сияқты ғимараттардың жекелеген элементтерін, интерьердегі қабырғаларды, сызбалардың жарық көлеңкелерін беру үшін қолданылатын графикалық тәсілді – әрлеп бояу деп атайды. Әрлеп бояу акварель техникасының қарапайым түрі болғанымен ол ұзақ уақытты, ұқыптылықты, шыдамдылықты талап етеді. Әйтсе де, бұл суретшінің, сәулетшінің, дизайнердің негізгі әрімаңызды тәсілдерінің бірі. Себебі, әрлеп бояу арқылы зат немесе ғимарат жоспары, пішіні мен түсі кез келген көрерменге түсінікті болып


көрінеді. Бұл сәулетшіге де өзіндік пайдасы бар. Ол түстерді қолдану арқылы материалдардың үздік үйлесімін байқайды, заттың мәнерлі сұлбасын және көлемді шешімдерін табады.

Сызбалардағы әрлеп бояуды қылқалам арқылы акварель және сия бояулармен орындайды. Әрлеп бояуда екі жұмсақ қылқалам қолданылады. Біріншісі – үлкен N 16-18 және екіншісі N 10-12 (1,а-сурет). Жақсы қылқалам суға батырып алып, сілкіп қалғанда, ұшы үшкірленеді, ал басы ыдырап кетсе, ондай қылқаламды әрлеп бояуға қолданбайды (1,ә-сурет).



1-сурет

Әрлеп бояуда қолданылатын қағаздар қатты тығыз болады. Егер әрлеп бояйтын жер онша үлкен болмаса, онда қағазды тақтайшаға немесе сызба үстеліне бекітіп бояуға болады. Тақтайшаның көлбеулігі 20° - 30° шамасында болу керек (2-сурет).



2-сурет

Әрлеп бояуда құрғақ сия бояу немесе акварель қолданылады. «Акварель» атауы латынның «aqua» - су сөзінен қалыптасып, бояуды ерітуші ретінде қолданылады. Акварель – асқан мөлдірлік, тазалық және түс қанықтылығымен ерекшелетін жалғыз бояу түрі. Оның мөлдірлігі ақ қағазға тәуелді. Жарық бояу арқылы қағаз бетіне өтіп, акварельдің ерекше жарқылынқалыптастырады. Акварельдің әсемділігі жұмсақтық, бір түстің екіншіге өту табиғилығы, нәзік бояулар алуандығында жатыр. Оған қолданылатын материалдар тазалығыкөмегімен ғана емес, сонымен қатар ұнтақтарды араластыру арқылы алынатын пигменттер дисперстілігі көмегімен қол жеткізіледі.

Бояудың біріктіруші құрамы ретінде суда жеңіл еритін табиғи мөлдір желімдер – гуммиарабик және декстрин алынады. Илемділік үшін глицерин мен инвентрленген шекер түріндегі пластификатор қосылады. Глицерин ылғалды сақтай отырып, бояудың кебуі мен әлсізденуіне жол бермейді. Акварельді бояуларға өгіз өті де қосылады, оның көмегімен бояу қағазға оңай салынып, ұсақ көпіршіктерге айналмайды. Бояуларды зең (көгермеу) баспау үшін оларға антисептик – фенол қосылады.

Акварель бояулардың негізгі түстері: сары, көк және қызыл. Хроматтық бояуларды бір-бірімен араластырғанда, аралық бояулар шығады. Хроматтық бояулар жылы және суық түстерге бөлінеді. Жылы түстерге – қызыл, қызғылт, сары, сарғыш түстер, ал суық түстерге – қаракөк, көк, көгілдір түстер жатады. Сызбаларды графикалық эскиздеуде бояудың бірнеше түрін қолданады. Оларды мөлдір және бұлыңғыр деп бөледі. Мөлдір бояуларға - акварель және сия ертіндісі жатады. Мұндай бояуларды бірнеше қайталап жаққанда мөлдірлігін сақтайды, сондықтан әрлеп бояу үшін осындай бояуларды қолданған жөн.

Бұлыңғыр бояуларға – гуашь, темпера және желім қосылған бояулар жатады. Бұл бояуларды қайталап жаққанда, астыңғы жағылған қабат жабылып кетеді. Сондықтан бұл бояуларды әрлеп бояуда қолданбайды.

«Тушь» сөзі французша «Tuscheencre de Chine» - сұйық, жұғымды қара бояу деген мағынаны береді. Басқа бояуларға қарағанда көпке дейін өңін өзгертпейді, су қосу арқылы сұр рең алуға болады. Сия сызуға, сурет салу, көркем жазуға өте қолайлы. Сиямен сурет салуда қаламұш, қылқалам қолданылады. Бояудың

бұл түрі Ежелгі Қытай кескіндемесінде, кейіннен Кореямен Жапония, Орта Азия, XV – XVII ғасырда Еуропабейнелеу өнерінде кең етек алды. Сия түрлі тұнбалардан (газдан немесе ағаш, мұнай өртеңінен) өндіріледі. Тас көмір бояғыштарынан түрлі-түсті сия да алынады.

Әрлеп бояудың бірнеше түрі бар. Олар ахроматтық, монохроматтық, полихроматтық.

Ахроматтық (түссіз) түстік реңкі жоқ, тек қана мөлдірлігімен ерекшеленетін қара, ақ және сұр түстер.

Монохромды (бір түсті) – бір хроматтық түстің негізінде құралған түстік гаммалар. Сәулеттік графикада белгілі материалды (кірпіш, металл, ағаш т.с.с) көрсету үшін жиі пайдаланылады.

Полихромды (көп түсті) - көптеген түстердің үйлесімі, бір емес бірнеше түстердің түстік гаммасын құрайды.

Сызбаларды әрлеп бояу үшін, жұмыс орнын дайындап алған дұрыс. Акварель немесе сия бояуларды сумен араластырып, қылқаламмен алдын - ала дымқылданған қағазға біркелкі жұқа солғын қабаттармен жағады. Бояумен жұмыс жасағанда екі ыдыс қажет. Біріншісіне - қылқаламды жуу үшін таза су, ал екінші ыдысқа бояу ерітіледі. Қағаз бекітілген тақтайшаны көлбеу орналастырады, егер көлбеулік тым көп болса, қағазға жағылған бояу ағып кетуі мүмкін, ал егер жатқызып бояса, жағылған бояу бір жерге жиналып дақ қалдырады. Дайын сызбаны әрлеп бояу алдында сызба сызылған жерді, майлылығын алу үшін сумен дымқылдап өту керек. Әйтпесе жағылған бояу біркелкі түспейді. Жағылған бояу біркелкі түсу үшін, езілген сия немесе акварель бояуларды 2-3 минут тұндырып, қосымша дайындалған қағазға жағып көреді. Жағатын бояу солғын түсте болады. Өңін кіргізу, яғни бояу қанық болуы үшін бояуды бірнеше рет жағады, әр жаққан сайын, жағылған қабатты кептіріп отырады. Бояуды жаққанда жоғарыдан төмен, бір бағытта бастайды. Ең соңында төменгі жағына жиналған бояуды қылқалам ұшымен сорғызып алады.

Кейде қанық түстен солғын түске немесе солғын түстен, қанық түске біртіндеп өткізу керек болады. Ол үшін біртіндеп бояған сайын, бояуға аздап су қосып отыру керек, сонда бояудың түсі солғындалып, біртіндеп өнеді.

Суреттегі нысанның ең жарық жерін (блик) боямайды. Еңкөлеңкелі жерін шығару үшін төрт рет бояу керек. Дөнес беттердің пішіндерін шығаруда блик - ең жарық жері, жартылай көлеңке, өздік көлеңке, жерге түскен көлеңке және рефлекс қолданылады.

Бір денеден жерге түскен көлеңкенің түсі болмайды. Өйткені жерге түскен көлеңке алыстаған сайын көмескілене береді. Бірақ жерге түскен көлеңкенің сыртқы жиегі өздік көлеңкеге қарағанда анық көрінеді.

Құрылыс сызбаларында әрлеп бояуды орындағанда ғимараттарды (қасбеттері мен перспективалары), қоршаған өсімдіктерді ашық сары түспен, аспанды (бұлттардан басқасын) сұр көк түспен, ал жерді қоңыржасыл түспен бояйды.

Ғимараттың бейнесін негізгі бояуларды қолдана отырып айқындайды. Өздік және жерге түскен көлеңкені көксұр түспен, бірақ жерге түскен көлеңке өздік көлеңкеге қарағанда қанық болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Альмухамбетов Б.А., Балкенов Ж.Ш. Сурет салу және бояумен жұмыс жасаудың тиімді әдістері.- Алматы, 1982.

2. Қарипбаев Ж.Б., Акварель бояумен жұмыс жасау: Оқу құралы.- Қарағанды: ЖШС «Арқо» баспасы, 2013-142б.

3. Кириллов А.Ф., Черчение и рисование.-М.; Высшая школа, 1987.

4. http://asf.vlsu.ru/files/files/arh/met_OGK.pdf